

	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№1				
Күндері	30.08 - 03.09.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Балабақша /Мой детский сад / My kindergarten				
Мекеменің атауы, тобы	«Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы ересек «Балаұса» тобы				
Педагогтің аты-жөні	Бекишева М.А.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың денсаулықтарын тексеру. Жаңадан келген ата-аналар және олардың балаларымен танысу. Ата-аналар және балалармен апта тақырыбы бойынша әңгіме жүргізу. Жаңадан келген балалардың адаптациялық кезеңнен өтуі жайлы ата-аналармен кеңесу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)			Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелердің кейіпкерлерлерінің сөздері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» деген әңгіме, ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру. "Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балаларға жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.	Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Сонымен қатар балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтауға үйрету (суару, тазарту, қопсыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсысының мақсаты туралы айтуды ұсыну.	Балабақшадағы еңбек тәрбиесінің міндеттері: 1) балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру және оған құрметпен қарау сезімін ояту; 2) қарапайым еңбек дағдыларына баулу; 3) еңбекке қызығушылығын, дербестікке тәрбиелеу; 4) көпшілік үшін еңбек ете білуге баулу, қоғамдық бағытта еңбектенуге үйрету.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)			Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.	Саусақ ойыны. «Бақшадағы қызанақ пен қияр». Мақсаты: бақша туралы түсінік бере отырып қызанақ пен қияр көкөніс екенін ажырата білуге үйрету.	Сурет бойынша әңгімелеу. «Менің балабақшам». Мақсаты: балалармен балабақша туралы әңгімелесу.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жаққа жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолмен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен шоқайып отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жаққа жоғары бірқалыпты көтеру)				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын - бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас!				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
			Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Күлімдеп күн шықты, Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым! Балабақшадағы оқу қызметтері жайлы әңгімелесу.	«Ақ тілек». Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі - Ақ тілек. Барлығы шеңбер құрып, қайталады. Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.	Күндей жарқырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жайнап, Судай таза көңілмен Бүгінгі күнімізді бастайық. Балабақшадағы достары жайлы әңгімелесу.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ		Вариативті компонент. Көркем әдебиет «Ұлттық ойындар»	Көркем әдебиет "Тәрбиеші". Мақсаты: балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдап, жаттап алуға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Өз тәрбиешіңді тап".</i> Дене шынықтыру "Ұйымшыл балалар". Мақсаты: балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету. <i>"Заттар арасымен" қимылды ойыны.</i>	Құрастыру "Балабақша біздің үйіміз". Мақсаты: балаларды құрамында: текше, білеу, үшбұрыш, цилиндр, тақтайша бар құрылыс материалдар жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруға үйрету. Музыка "Көңілді балалар". Мақсаты: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар".</i> Жаратылыстану "Күз келді бақшама". Мақсаты: балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата".</i> Вариативті компонент. Сөйлеуді дамыту «Өнерлі екен он саусақ»	Мүсіндеу "Асқар ата келді". Мақсаты: балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету. Дене шынықтыру "Достар жұптары". Мақсаты: балаларды допты жоғары лақтыруға үйрету. <i>"Баскетбол" қимылды ойыны.</i>

Серуен			Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <i>Желдің соғуын бақылау</i> Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру». Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. Еңбек: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау. Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын». Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <i>Күздің ерте, кеш келуін бақылау</i> Тақпақтар «Күз» Н. Өлімқұлов Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. «Күз» Қ.Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезін бұзық-ау, Жаңбырын сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Бақылау: Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі. Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау» Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу. Еңбек: Гүлзарда жұмыс. Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру. Өз бетімен ойындар: «Құмда сурет салу» Балаларды құмда сурет салуға үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <i>Аспанды бақылау.</i> Жұмбақ. Бір түкті кілем, Бір түксіз кілем. (Аспан) Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. Қимылды ойын: «Ұшақтар». Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу. Еңбек: құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. Өз бетімен ойындар ойнау: «Ұшақтар». Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Серуен	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)			Сурет салу "Балабақша". Мақсаты: балаларды екі параллельді сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруге үйрету. <i>Зейіне жаттығу. "Сипатталған ғимаратты тауып ал".</i> Математика негіздері "Ойыншықтармен танысайық та, санайық". Мақсаты: балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету. <i>Дамытушы жаттығу. "Саны сонша допты көрсет."</i> (Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі).	Дене шынықтыру "Қатар түзеп сапқа тұру" Мақсаты: балаларды қатар түзеп сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету. <i>"Кенгуру" қимылды ойыны.</i> Сөйлеуді дамыту "Біздің балабақша" тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу". Мақсаты: балаларға, балабақшадағы күн тәртібіндегі топтастармен біріккен әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш сөзіне, ұғымына байланысты екенін түсіндіру; бірнеше суретті қабылдап, "Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету. <i>Пантомима жаттығуы. "Ретімен қайтала".</i> (Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі).	Музыка "Балабақша әніміз". Мақсаты: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. Орыс тілі "Это я и мой детский сад. Игрушки". Цель: дать детям понятие о правилах приветствия и прощания, вежливости; ознакомить с основными принципами хорошего тона в общении со взрослыми и сверстниками; дать информацию об общих сведениях о себе; формировать понятие о гласных звуках, закреплять знания об игрушках, детском саде. <i>Словесное упражнение по преобразованию слов. "Ласковушки".</i> (Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі). Сюжеттік ойыншықтармен ойнау, Ертегі оқу. Үстел үсті театры.
	Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)		Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенқесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенқесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенқесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Балабақша" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу			«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.	Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу. Мақсаты: мнемокестеге қарап жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.	«Тап та, атын ата» дидактикалық ойыны. Мақсаты: түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)			«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.